

**№26 жалпы білім беретін мемлекеттік коммуналдық мекемесінің
2021-2022 оқу жылында өткізілген тәрбие жұмыстарына талдауы
2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары:**

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

-ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуір №145 бұйрығымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспарын;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері

-2021-2022 жылдарға арналған әдістемелік нұсқаухатын басшылыққа ала отырып құрылды.

Тәрбие жұмысы Тұжырымдамада көрсетілген төмендегідей бағыттар бойынша жоспарланып жүргізілді:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында мынадай жобалар іске асырылды:

- ✓ «Мектептің өзін-өзі басқаруы»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – мектеп»;
- ✓ «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- ✓ «Дәстүр мен ғұрып»;
- ✓ «Еңбек – елдің мұраты»;
- ✓ «Үнем – қоғам қуаты»;
- ✓ «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет»
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Музей сабақтары»;
- ✓ «Театр сабақтары» жобасы.

«Алғашқы қоңырау», «Соңғы қоңырау», «Бітірушілер кеші», «Жаңа жыл», «Наурыз», мектептік бұқаралық мәдени іс-шараларды білім алушылар мен педагогтердің белсенді (қаржылық емес) қатысуымен қарапайым, бірақ салтанатты түрде ұйымдастырылды.

Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты:

Мақсаты: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

- ҚР-ның Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып тәрбие жұмысын жоспарлы түрде жүргізу;

- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым және практикалық жетістіктер негізінде тұлғаның дамуы мен құруды қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау;

- жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту, моральды, салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту, сыни ойлау және функционалдық сауаттылықты (компьютерлік, цифрлық, математикалық, жаратылыстану, оқу сауаттылығын) дамыту үшін жағдай жасауда өзбетінше шешім қабылдау проблемалары арқылы интеллектіні байыту;

- Қазақстан Республикасының Отанға деген махаббатын, азаматтылықты және отансүйгіштікті тәрбиелеу, мемлекеттік символдар мен ұлттық дәстүрлерге деген құрмет, кез келген конституцияға және қоғамға қарсы жағдайларда қарсылық таныту;

- еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, тұлғаның өз құқығын және міндетін сезінуді қалыптасу;

- отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қосылу; қазақ халқының және басқа да халықтардың тарихын, салт-дәстүрін зерттеу; мемлекеттік, ресми және шет тілдерін білу;

- психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті және ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру, жастарды дені сау отбасын құруға даярлау, отбасы институтын нығайтуда саналы атсалысу;

- әлеуметтік маңызы бар балалық, отбасылық және ата-аналық бастамаларды, балалардың қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;

- тұлғаның экономикалық ойлауын дамыту және кәсіби қалыптасуға саналы қатынасын және өзін-өзі жетілдіруге; табиғатты сақтауда белсенді азаматтық жағдайды, экологиялық сауаттылықты және мәдениетті ұстану;

- бала тәрбиесінде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін арттыру;
- дене шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;
- бала тәрбиесі саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру;
- балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру;
- Еліміздің рәмізін сыйлау, өзінің Отан, жанұя, қоғам алдындағы міндеттерін жете түсінуге тәрбиелеу;
- Рухани байыту принциптерін негізге ала отырып, салауатты өмір салтына баулу. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету; Отанға деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімін, өз елі мен халқының салт-дәстүрлерін, саяси тарихын білуге, өзінің саяси және құқықтық сауатын арттыруға деген құлшынысын күшейту;
- Халықаралық жағдайды, Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени өмірі мәселелеріне талдау жасай білу қабілетін қалыптастыру.
- Сынып жетекшілер мен ата-аналар арасында тығыз байланысты орнату, екі жақты қарым-қатынас, тәлім-тәрбиесі мол, көрегенді тұлға қалыптастыруға көмек беру.
- Халқымыздың салт-дәстүрін құрметтеуге ықпал жасау;
- Адам құқықтарын сақтау, өз құқығы мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындық қабілетін, іскерлік қарым-қатынас жүйесі мен дағдыларын қалыптастыру.
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінің мәртебесін арттыру.
- балалар мен жастардың табиғатты қорғау, мектеп айналасын көгалдандыру, талдар мен гүлдерге қамқорлық жасауға оң көзқарасын қалыптастыру, жағдай жасау;
- жас ұрпақтың рухани-адамгершілік, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, білімді, өз өмірі мен денсаулығы үшін жауапкершілігін арттыруды ұйымдастыруға көмектесу;
- Өмір бойы білімін арттыруына, мамандық таңдауына және өзін-өзі табысты көрсетуіне қажетті жағдай жасау; Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, зеректік, шешендік қабілеттерін қалыптастыру. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, алған білімдерін тереңдетіп, өздігінен іздене білуге үйрету;
- Қазіргі заманғы нарықтық экономикаға оқушыларды дайындау, табыстың негізгі көзі – білім екенін түсіндіру және оқушылардың танымдық қызығушықтарын арттыру. Ой-өрісін, зейінін, шығармашылық қабілетін дамыту;
- Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Пәнге

қызығушылықтарын арттыру. Шектеулі уақытта дұрыс шешім қабылдауға үйрету. Ұқыптылыққа, ұжымдық еңбекке тәрбиелеу, информациялық білім беру. Оқушыларды толерантты құндылықтар, келісімділік пен өзге ұлттарды сыйлау мен құрметтеу мәдениетіне тәрбиелеу. Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау;

- Балалар мен жасөспірімдердің жеке тұлға ретінде шешім қабылдай алатын, көшбасшы, іскер және өзін-өзі басқару кеңістігін құруын ұйымдастыру;

- Жас ұрпақты тәрбиелеудің әлеуметтік маңызы мен болашағына қоғамның, ата-аналардың белсенділігін ұйымдастыру; Отбасын құндылық ретінде сезіне білу қабілетін қалыптастыру;

- отбасылық міндеттерді орындаумен байланысты қолданбалы біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру, отбасында дау-дамайсыз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- гендерлік айырмашылықтарға байланысты психологиялық, дүниетанымдық ерекшеліктер жөнінде білімдерін қалыптастыру;

- Экономика негіздерін, нарық заңдары мен механизмдерін, кәсіпкерлік қызметтің мәнін білу, түсіну және еркін түрде пайдалана білу қабілетін қалыптастыру;

- кәсіби ұтқырлық дағдыларын қалыптастыру;

- өзіне-өзі қызмет ету біліктілігі мен дағдысын, еңбек қызметінің сан алуан түрлеріне адал, жауапкершілікті және шығармашылық қатынас қалыптастыру. Бірлескен танымдық, табиғатты қорғаушылық іс-әрекет, қоршаған ортаға қамқорлық жасауды жүзеге асыру арқылы тұлғаның әлеуметтік қалыптасуына және дамуына қолайлы жағдай туғызу, адамның табиғатқа этикалық көзқарасын және оған деген қарым-қатынас этикасын қалыптастыру;

- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тиімді жүзеге асатын тәрбиенің қазақстандық үлгісін құру; Қарым-қатынас жасауға деген қажеттілігін, шығармашылық қызметі мен өзін-өзі ұйымдастыруын қалыптастыру; қоғамның рухани мәдениетін сақтау және дамыту, отбасылық, ұлттық дәстүрлерді жалғастыру; сезім мәдениетін қалыптастырудың негізі ретіндегі баланың эмоционалдық өрісін дамыту;

- қарым-қатынасты ұйымдастырудағы құндылықтар, идеалдар, нормалар жүйесін қалыптастыру; шығармашылық қызметте өзінің жекелігін сақтап қалу үшін басқалармен байланыс орнату, оларды дамыту, келістіру, қалыпқа түсіру және түзетіп отыру;

- ашық ақпараттық, білімдік, іс-әрекеттік, коммуникативтік, әлеуметтік және тұлғалық кеңістік құру;

- балалар мен жастарда дербес және жауапкершілікті тұлға болуға деген қажеттілік қалыптастыру.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізіледі.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық он бағыты арқылы «Халықтық тәрбие тағылымын игерген, рухани бай, өрісі жоғары, білімді, салауатты өмірдің өзі үшін қажеттілігін сезінетін, қайырымды, өмірден өз орынын таба білетін, ел болашағын ойлайтын тұлғаны қалыптастыру» мектептің әдістемелік тақырыбын басшылықта ұстай отырып жыл бойғы тәрбиелік шаралар жоспарлы түрде жүзеге асырылды.

I. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бойынша атқарылған жұмыстар

Мақсаты: Ар - ождан мол, мәдениетті парасатты қалыптастырып, оқушының бойында туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін арттыру. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жас полиция, жас инспектор, наркобекет ұйымымен бірге отырып, оқушылар арасында шаралар өткізу.

Міндеттері:

- Отанға деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімін, өз елі мен халқының салт-дәстүрлерін, саяси тарихын білуге, өзінің саяси және құқықтық сауатын арттыруға деген құлшынысын күшейту; халықаралық жағдайды, Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени өмірі мәселелеріне талдау жасай білу қабілетін қалыптастыру.

Осы мақсат, міндеттерді жүзеге асыру мақсатында:



Біз күткен мереке – Білім күні! Еліміздің барлық мектептерінде бүгін ерекше салтанатты мереке. Құшақтары гүлге толған бүлдіршіндер, мектеп табалдырығын жаңа аттағалы отырған жас толқын. Жаз бойы бойына күш жинаған педагогикалық ұжым, мектепті сағынған жарқын жандар. 1 қыркүйек күні осы аталған ақжарқын жүздер №26 жалпы орта білім беретін мектебінің

табалдырығында бас қосты. 2021-2022 оқу жылы мектеп ұжымы үшін ерекше салтанатпен басталды. Биылғы Білім күні іс-шаралары және жаңа оқу жылының басталуы пандемияға байланысты шектеулермен өтті. Атап айтқанда, 1 қыркүйекте болатын Білім күні салтанатты іс-шарасы дәстүрлі

форматта, мектеп аумағында 1 сынып оқушылары үшін ғана ұйымдастырылды.



тұспа-тұс білім табалдырығын аттаған бірінші сынып бұлдіршіндерін құттықтап сөз сөйлеп, салтанатты түрде алғашқы оқулықтары Әліппе табысталды. Ұстаздар қауымына қажымас қайрат, білімнің биігінен көрсетер дарынды шәкірттері көп болуын тіледі. Оқудың басталуын білдіретін қоңырау үніде соғылды.




Сонымен қатар, БҚО полиция департаментінің өкілі полковник Белгібеков Болатбек Еркебұланұлы жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу мақсатында ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



5-қыркүйек күні Қазақстан Республикасының Тілдер күні мерекесіне арналған «Үштұғырлы тіл – ұлт болашағы» атты шара өтті. Бұл іс-шара қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өткізілді. Аталмыш шара аясында мектебіміздің тіл мамандары Қазақстан Республикасында тұратын барша халықтың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қорғауға және дамытуға бағытталған іс-шараның өтуіне белсене атсалысты.



7-қыркүйек күні құқық бұзушылықтың алдын - алу мақсатында, кәмелетке толмаған оқушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі және жазатайым оқиғалардан сақтануға шақыра отырып, түсіндіру жұмыстарын өткізілді.



1-4 сынып оқушыларымен "Жол,абайла!" тақырыбында сурет көрмесі және 1-11 сыныптарда «Мектепке барар қауіпсіз жол» тәрбие сағаттары ұйымдастырылып өтті. Барлық сынып оқушылары белсене қатысты.



7-қыркүйек күні 8-10 сыныптар аралығында «Үш тұғырлы тіл» эссе байқауы (үш тілде), 2-4 сыныптар арасында «Мың бір мақал - жүз бір жұмбақ» сайысы, 11 «А» сыныбында "Language is the Friendship of People", 6 «Б», 6 «Г» сыныптарында Own game" атты шаралар, «Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім» мәнерлеп оқу сайысы өтті.



16-қыркүйек күні "Түнгі қаладағы балалар" профилактикалық рейдін мектептің тәрбие жөніндегі орынбасары Искалиева А.Р., әлеуметтік педагогі Ширявскова А.А., инспекторы ИДН аралап шықты. Түнгі көшеде жүрген жасөспірімдерге олардың ата-аналарына түсіндіру жұмыстарын жүргізді



27-қыркүйекте құқықбұзушылық алдын алу мақсатында 9 «а» сынып оқушыларымен «Темекі шегу-сіздің денсаулығыңызға зиян» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.



1-қазанда Силин Артем Сергеевич кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік инспектор жоғары сынып оқушыларымен құқықбұзушылықтар туралы профилактика әңгіме өткізді.



28-қазан күндері 26 ЖОББМ-те «Тәрбие формасының бірі – диалогтық қарым-қатынас» тақырыбында ашық сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылды. Шара шеңберінде 6 "Г" сынып жетекшісі Сакенова А.Н. сынып оқушыларымен "ЖЖЕ. Жол, абайла!" атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатына

оқушылар белсенділікпен қатысты.



19-қараша күні «Қатігездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық акциясы аясында бастауыш сынып

оқушыларына «Сүйіспеншілік – адамның басты қасиетті» атты сыныптан шара өтті.

9-желтоқсан күні ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай, - мектеп жанынан ашылған көркем-сурет үйірмесінің жетекшісі Гүлбаршын Сапарқызының «Тәуелсіздік тұғыры-биік болсын!» тақырыбында ұйымдастырылған көрме жұмысына бастауыш сынып оқушылары белсенді қатысты. Көрмеге қойылған суреттер

оқушыларға қатты әсер қалдырды.



10-желтоқсан күні өзін-өзі тану пәні мұғалімі Сұлтанғалиева З.С "Тәуелсіздікке жол бастаған - Желтоқсан" тақырыбында 6-8 сыныптар арасында әдеби кеш өтті. Әдеби сазды кеш мақсаты өскелең ұрпаққа желтоқсан оқиғасы туралы ақпарат бере отырып, оқушылар бойына адамгершілік,

батылдық қасиеттерін қалыптастыру. Шара өз мақсатына жетті.



13-желтоқсан күні бастауыш сыныптарда Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына арналған "Тұғыры биік Тәуелсіздік" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаттарына оқушылар белсенді қатысты.

15-желтоқсанда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған "Тәуелсіздік елдің ұланымыз" атты мерекелік концерт өтті. Мереке құрметіне "Жас Ұлан" және "Жас Қыран" бірыңғай балалар мектеп ұйымына 2 және 5 сынып оқушылары, оқу белсенділері мен үздіктері, олимпиадалар мен қалалық конкурстардың жүлдегерлері қабылданды. Мектеп директоры Л.К.Кастуганова барлығын айтулы мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді.



2-ақпан күні күні мектебімізде бастауыш сыныптарға арналған ЖЖЕ бойынша «Жасыл шам» атты театрландырылған қойылым өтті. Мақсаты: жол қозғалысының заңға

бағынатын қатысушыларын тәрбиелеу, балалардың қадағалаусыз қалуының алдын алу, қауіпсіз өмір салты мәдениетін қалыптстыру.



Мектебімізде Ұлы Отан соғысы жылдары туралы естеліктерді сақтауға бағытталған «Жеңіс лентасын тарату» атты патриоттық акциясы өтті. Акцияның басты мақсаты – Ұлы Отан соғысына елі мен жері үшін жаумен шайқасқан қаһарман жауынгерлердің ерлігін мәңгіге ұрпақ санасында қалдыру. Жеңіс күні қарсаңында ел игілігі мен болашақ ұрпақтың бостандығы үшін өз өмірін қиған жандарды, соғыс жылдарын және олардың ерліктерін есте сақтап қалуға бағытталған «Жеңіс лентасы»

жыл сайынғы шарасы осы жылы да ұйымдастырылды.



9 мамыр-Жеңіс күніне арналған тәрбие сағаттары. Мақсаты: Балаларға адамгершілікке, отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Балаларды Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой - өрісін дамыту. Балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу.



23-мамыр күні мектеп инспекторы А.Т.Рахметқали биылғы мектеп бітірушілерге арналған қауіпсіздік ережесімен таныстырды. Жиынға 9, 11 сынып оқушылары қатысты. Алдымен кешкі уақытта мезгілсіз жүрмеу, ата-анасының көлігін айдамау, ұсақ бұзақылық құрамы бар іс-әрекеттер жасамау туралы айтылды. Сонымен қатар 2021-2022 оқу жылының 25 мамыр соңғы қоңырау саптық жиынынан кейін ұйымдастырылатын кештерде өзен-көлдердің жағалауларына бармау, суға түспеуге, келеңсіз

оқиғаларға жол бермеуге шақырды. Серуен кезінде саябақтарда мезгілсіз уақытта жалғыз қалмау, бейтаныс көліктерге отырмау, сенімді өкілдермен бірге жүру керектігі ескертілді. Құқық бұзушылықтың алдын алу, оларды болдырмау мақсатында барлық ережелерге бағынып, сақ болып жүру керектігі айтылып, қатаң ескертілді.



Қоңырау үні. Бұл үн білім кемесі – мектеп қабырға-сынан шыққан әрбір адамның құлағына таныс, жүрегіне жақын. Соңғы қоңырау үні – кәмелетке толып, оң-солын

танып, қанаттанған бозбала мен бойжеткендерді арман биіктеріне ұшырып, ең үлкен өмір мектебіне шығарып салады. Соңғы қоңырау – осындай қимас қоштасу әуені сәтімен ыстық. Еліміздегі игіліктердің барлығы елдің болашағы – жас ұрпақтың келешегі жарқын болуы үшін жасалып жатқанын баяндайды. Еліміздің мәрте-бесін арттыратын сендерсіңдер, жас түлектер! Қадамдарыңа сәтті сапар, ақ жол тілейміз! Сонымен қатар, сыныптан сыныпқа көшкен оқушыларымызды оқу жылының сәтті аяқталуымен құттықтаймыз.

II. Рухани - адамгершілік тәрбие бағыты бойынша атқарылған жұмыстар

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани - адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Оқушыларды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны осы жастағы балалардың ерекшеліктеріне сай келуі тиіс. Негізгі міндет – балалардың жақсы әдет, мінез - құлықын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани - адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани тәрбие беру. Рухани – адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет – дарынының ашыла түсуіне, ақыл – парасатын дамытуына, яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді. Адамгершілік тәрбиенің, адам бойында осы жақсы қасиеттердің болуы, жанұяға, өскен ортасына байланысты. Рухани-адамгершілік құндылықтарды оқушылардың бойына сіңіріп, жақсы қасиетке тәрбиелеу- қазіргі заманның талабы.



Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және "Ардагерлерді ардақтайық" жобасы аясында №26 ЖОББМ-тің жас буындарымен бірге ардагер ұстаз, мектепке еңбегі сіңген қызметкер - Нурмашева Екатерина Ботановадан сұхбат алынды. Еңбек ардагері Е.Б. Нурмашева ҚР Тәуелсіздік жолында елімізде атқарылған барлық жетістіктер туралы ойларын ортаға салды.



17-қараша күні 4"А"сыныбында №12 кітапхана-филиалы мен бірге Балалар жазушысы, ақын Қастек Баянбаевтың 85 жылдығына орай "Қазақ балалар әдебиетінің ақыны " атты әдеби сағаты

өтті.Шара барысында ақынның өмірбаянымен еңбек жолдарына тоқтала отырып, әрі қарай кітаптарымен танысып, оқушыларға өлеңдері оқылып, жұмбақтары жасырылып шара жалғасын тапты. Оқушылар тарапынан ақын туралы мәліметтер айтылып,өлеңдері оқылды. Шара тартымды, қызықты өтті.



Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «30 игі іс» марафоны аясында мектептің волонтерлары ардагер ұстаздарымызға тәтті-сый құрметін ұсынып, құттықтап қайтты.



10- желтоқсан күні қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған шараға мектебіміздің ардагер ұстаздары Зиненко Л.С. Дундукова Н.Ю қатысып, шара ұйымдастырушыларына зор ризашылықтары мен алғыстарын білдірді.



17.01-21.01 күндері аралығында «Өзін-өзі тану» пәні бойынша ар-намыс, адамгершілік тақырыптарына сабақтар өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға рухани-адамгершілік құндылықтар туралы түсінік бере отырып, өз ойын, сөзі мен ісін адамгершілік тұрғысынан таңдауға дайын және жауапты болуға дайындау.



1 наурыз-Алғыс айту күні! Жақсы сөз айту, жақсылық жасау – әрбір адамның міндеті. Әрине, жылдың әр күні сыпайы болуға тырысуымыз керек. Алайда, көп жағдайда алғыс айтуды ұмытып, немесе оған ерекше көңіл бөлмейміз. Алғыс сөздерінде бір сиқырлық бар - олар арқылы біздер бір - бірімізге ризашылығымызды көрсетеміз, көңілімізді білдіреміз, жақсы эмоциялар сыйлаймыз. Ғалымдардың айтуы бойынша, рахмет сөзін айту

- адамдар арасында жақсы қатынас орнатады. Алғыс сөздері - адамды тыныштандыру, жүрегін жылытудың бірден - бір амалы. Бастысы, алғысыңыз жүректен шығуы шарт.



Мектеп ұжымы Наурыз айының 1 күні дәстүрлі түрде мектептің кіші қызметкерлеріне алғыс айтып келеді. Жұмысын тиянақты, адал, жауапкершілікпен атқарып келе жатқан қызметкерлер алғыс хаттармен марапатталды.

Қайырын өзің көресің,—дейді қазақ халқы. Қайырымдылық-адамзат бойындағы ерекше бір қасиет болып саналады.



Қайырымдылық ізгіліктің, адамның адамға деген таза ниетін, адамгершілік қарым-қатынасын көрсететін адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен көмегі. Бүгін қаламыздағы "28 петель" еріктілер клубымен кездесу кеші өтті. Клуб шала туылған нәрестелерге арнап киім тоқиды. Тоқылған

киімдер жиналып, перинаталдық орталыққа тапсырылады. Бүгінгі кешке мектебіміздің "Аналар" клубы, "Әжелер" клубы, кураторлар, жоғарғы сынып қыздары қатысты. Бұл кездесудің мақсаты: Оқушыларға қайырымдылық туралы түсінік беру, олардың бойында жанашырлық, қайырымдылық, қамқорлық сезімдерін дамыту. "28 петель" клуб координаторы Айгуль ханым еріктілер клубының мақсат-міндеттерін айтып, барша жиналған аналарымызға шеберлік сағат көрсетті.

25.02.22-10.03.22 күндері аралығында мектебімізде қайырымдылық акциясы аясында «Мейірім» Облыстық мамандандырылған бөбектер үйіне заттай көмек көрсетілді. Мақсаты: жас ұрпақтың бойында адамгершілік қасиеттер мен мейірімділікке, жанашырлыққа, көмекке келуге тәрбиелеу.



"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Ертегілер еліне саяхат" атты кітапханашылардың ұйымдастыруымен шара өтті. Мақсаты: Оқушыларға ертегіні суреттеп, сахналап қою. Мән-мағынасын ашу, халық ауыз әдебиеті шығарма кейіпкерлерінің істеріне баға беріп, өз көз қарастарын білдіруді үйрету.

"Оқуға құштар мектеп " - жобасы одан әрі дамыту барысында, оқушылардың мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап кітап оқуға деген қызығушылығын ояту үшін, тек оқушының ғана емес, ата-ананың да кітап оқуға насихаттау

мақсатында, IV-бағыт. "Отбасылық оқудың дәстүрлері " бағыты бойынша, 4"в" сынып оқушысының "Әкеммен бірге кітап оқимын" атты акциясы бойынша, көктемгі демалысында кітап оқуда. Ал, 3"ә " сынып оқушысы өзінің атасымен кітап оқуды дәстүрге айналдырған." Бір отбасы - бір кітап " атты бағыты бойынша 4"ә" сынып оқушысы өзінің бейне-роликтері арқылы көрсете білді. Бала мен ата-ана арасында бірлесіп кітап оқу барысында көптеген жұмыстар жүргізіліп, баланың қашықтан кітап оқуы ұйымдастырылды.



20-сәуір күні, мектебімізде діни-экстремизмнің алдын-алуға байланысты Батыс Қазақстан облысы Дін істер басқармасының дін мәселелерін зерттеу орталығы оңалту бөлімінің басшысы теолог маманы Адайхан Бағдат Қанатұлы осы мақсатқа сүйене отырып, оқушыларды адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелей отырып, оқушылардың

діни көзқарасын қалыптастыруда, оқушыларға «экстремизм», ұғымдарын түсіндіру барысында 8-11 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. Рамазан айының келумен құттықтап, «Діни құқықтық сауаттылықты арттыру» тақырыбында кездесу лекциясын өткізді. Діннің дұрыс бағытын таңдау барсын әңгімеледі. Оқушыларға «Хиджаб, паранжа, қысқа балақты шалбар кию, сақал қою» мәселелерін түсіндіріп өтті. Дүние жүзінде діндердің таралуы бойынша біраз мәліметтер берілді. Олардың қаншама біз білмейтін түрлері бар. Сонымен қатар оның адам санасына, өміріне деген қаншалықты зиян келтіріп жатқанын көптеп естіп жүрміз. Міне осы діни ағымдар туралы оқушыларға мәлімет бере отырып, біздің мұсылман дінімізде оларды қолданудың, қабылдаудың зияны мен күнәсі көрсетілген. Осы адастырушы діни ағымдар туралы оқушыларға мәлімет бере отырып және олардан аулақ болуын айтып өтті.



21 сәуір күні Орал қалалық кітапханалар жүйесінің №7 кітапхана-филиалы 8 «а», 10 «а» сынып оқушыларымен мектептің мәжіліс залында «Оқитын ұлт» жобасы аясында ҚР Мемлекеттік сыйлықтың иегері, М.Шолохов атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, Ресей педагогика және әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, жазушы Сәбит Досановтың өмірбаяны мен шығармаларын таныстыру мақсатында «Қазақ әдебиетінің кемеңгері» атты әдеби сағат өткізді.

Орал қалалық кітапханалар жүйесінің 12 кітапхана филиалы Ғарышкерлер күніне орай 26 ЖОББМ-нің 4-ші сынып оқушыларымен "Ғарыш



қыраны" атты танымдық сағаты ұйымдастырылды. Шараның мақсаты: оқушыларға ғарышкерлер туралы толық түсінік беріліп, викториналық сұрақтар қойылып және де Кеңес Одағының Батыры атағын екі рет алған ұшқыш жауынгер Талғат Бегельдиновтың 100 жылдығына орай өмірбаянымен ерліктері туралы бейне - слайд ұсынылды.



Орал қалалық кітапханалар жүйесінің №7,12 кітапхана-филиалдары бірлесіп №26 ЖОББМ 5-6 сынып оқушыларының қатысуымен 9 мамыр Ұлы Жеңіс күніне М.Мәметова мен Х.Доспанованың туғандарына 100 жыл толуларына орай «Батыстың батыр арулары» атты тарихи-танымдық сағат өткізді. Мақсаты: Ұлы Жеңісті дәріптеу, жас ұрпақтың санасына Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен ата – бабаларымыздың істерін мақтан тұтып, соның ішінде қазақ қыздарының да Отан үшін жан қиярлық ерлік жолдарын үлгі ете отырып, отансүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелеу. Шара барысында оқушылар батыр аруларға арнау өлеңдерін дауыстап оқыды, «Аспанды алғаш бағындырған ару» слайды және «Қанатты қыз» бейнеролигі көрсетілді.

III. «Ұлттық тәрбие» бағыты бойынша атқарылған жұмыстар

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

26-қараша күні «Мектеп музейінде өткізілетін іс-шаралар» жоспарына сәйкес 5 сынып оқушылары пән мұғалімі Е.Клышевпен бірге мектеп музейіне саяхаттады. Экскурсия Тұңғыш Президент сайлауының 30 жылдығы және Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мереке қарсаңында оздырылып, оқушылар мектеп тарихымен және

экспозиция бөлімдерімен танысты. Экскурсия соңында оқушылар алған әсерлерімен бөлісті.



Бүгін облыстық тарихи өлкетану мұражайында 6 сынып оқушыларымен пән мұғалімі Кемешев Дәурен Ғалымжанұлының ұйымдастыруымен «Ұлы дала билеушілері» тақырыбында кіріктірілген сабақ өткізілді. Атадан балаға мұра болып келген ұлан байтақ еліміздің тәуелсіздігін сақтап қалуда қаншама іс жасалып, қиын-қыстау заманда тығырықтан шығуда асқан саяси шеберлік танытқан билеушілердің тарихын мұражай жәдігерлері арқылы

оқып тану оқушылар үшін керемет әсерін тигізді. Сонау сақ кезеңінен бастау алған, Түркі дәуірі, Ақ орда, Қазақ хандығы, содан бүгінгі күндегі ел президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа дейінгі тарихқа шолу жасалды. Бұндай сабақтар оқушылардың бойына отансүйгіштік қасиеттерін бойларына сіңдіріп, ел тарихын зерделеуде, жалпы ұлттық құндылықтарын қалыптастыруда үлкен маңызы бар.

Негізі бұл Қазақстан республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдық мерей тойына орай, мектепте Тарих пәнінің онкүндігі аясында оқушылармен жүргізіліп жатқан игі істер.

Осындай игі шараны тарихи қазынаға толы дәрісті өткізуге жанашырлық танытып, қолдау көрсеткен Мирболат Бижанұлы бастаған Облыстық тарихи өлкетану мұражайына оқушыларымыздың атынан ризашылығымызды білдіреміз.



«Бір жасқа есеуіңмен! Осы жылға аман-есен жетуіңмен!» дегенді білдіреді. Біздің мектебімізде бұл мейрамды оқушыларымызға үлгі көрсетіп, жыл сайын тойлауда.



әжелер клубымен әдеби-танымдық кеш өтті. Шарамыздың мақсаты: келешек ұрпаққа көрісу туралы түсінік беріп, қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету.



14 наурыз - Көрісу күні. Адамдар бұл күні арасындағы бұрынғы өкпе-ренішін кешіріп, араздықты ұмытып, бір-біріне амандық-саулық тілейді. Көктемге аман-есен жеттік деп, дастархан жайып, үлкендерге сәлем беріп, құттықтап жатады. Бұл күнді Амал мерекесі деп те атайды. Осыған орай мектебімізде "Тұмар"

Ұлыстың ұлы күні Наурыз – жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс-берекенің арқауы, тек адамзаттың ғана емес, табиғаттың да жаңарып, бой түзейтін шағы. Күн мен түннің теңеліп, жан-дүниені тірілткен, төрт түлік төлдеп, арқа-басы кеңіп, аққа аузы тиген, қытымыр қыстың ызғарынан құтылып, алдағы шуақты күндерден үміттендірген Наурыз мерекесі Тәуелсіз елімізде зор ықыласпен

тойланады. 17-18.03.22 күндері аралығында мектебімізде Наурыз мерекесіне орай ашық тәрбие сағаттары өтті.



Қасиетті қазақ жеріне Ұлыстың Ұлы күні – әз Наурыз да сағындырып, сарғайтып жетті, міне! Жыл өткен сайын Наурыз мейрамы елімізді мекендеген бүкіл халықтың, ұлт пен ұлыстың сағынып күтетін ортақ мерекесіне айналып, жаңа мазмұнмен, жарасымды сән-салтанатымен түрлене түсуде. Наурыз мерекесіне орай 18.03.22ж мектебімізде "Қош

келдің, әз-Наурыз!" атты мерекелік шара өтті. Шара аластау рәсімімен басталып, "Тұмар" әжелер клубының мүшелерінен шашу шашылып, Қыдыр атаның батасымен аяқталды.

IV.Отбасы тәрбиесі, отбасы қатынасы мәдениетін қалыптастыру бойынша атқарылған жұмыстар

Мақсаты: Отбасы дәстүрін сақтай білуге, ата-анасын, үлкенді қадірлей білуге тәрбиелеу.



"Отан отбасынан басталады" - деп халқымыз айтқандай, Отан мен отбасы кең мағыналы, қасиетті ұғымдар. Ұлтымызда "Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің" деген дана сөз бар. Әр отбасында ата-ананың орны бөлек. Бала әкеден - ақыл, анадан - мейірім алады. Ана отбасына береке әкеліп, жанұясын бақытқа бөлейді. Осыған орай тәрбие жұмысы жоспарына сәйкес 2022 жылдың 29 қаңтар күні "Қыз еркем, анасымен көркем" атты 5-сынып оқушы қыздары мен аналарына Талгатова Гүлжазираның анасы Надежда Тулепкалиевна галстук-брошь жасау жолдарын көрсетіп, шеберлік сағатын өткізген болатын. Бұл шара ана мен қыз баланың және мектептің арасындағы қарым-қатынасты жандандыру мақсатында жүзеге асырылып отыр.



иеленді.

15 мамыр-Халықаралық отбасы күніне орай "Отбасы-бақыт мекені" атты мектебімізде бүгін ата-аналарға арналған ашық есік күні өтті. Мектеп психологтары ата-аналарға тренингтер өткізіп, бала мен ата-ананың байланысын нығайту мақсатында кеңестер берді. Сонымен қатар, бастауыш сыныптың оқушылары ата-аналарымен бірге "Әкем, анам және мен" атты спорттық шараға қатысып, жүлделі орындарды

V. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бойынша жүргізілген жұмыстар

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым - қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.




27-қазан күні бастауыш сынып оқушыларына арналған "Күзгі ертегі" атты күзгі іс-шара ұйымдастырылды. Бастауыш сынып оқушылары үлкен белсенділікпен күз мерекесіне қатысты. Ертегі қойылымының жеңімпаздары мақтау қағаздарымен марапатталды.



28-29 қазан күндері 26 ЖОББМ-те «Тәрбие формасының бірі – диалогтық қарым-қатынас» тақырыбында ашық сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылды. Шара шеңберінде 5"А" сыныбының кураторы Гумарова А.Б сынып оқушыларымен "Табиғат-тіршілік бесігі" атты ашық тәрбие сағатын өткізді.

13-сәуір күні мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен «Экологиялық



тимбилдинг» жобасы бойынша сенбілік ұйымдастырылды. Сенбілікке мектеп әкімшілігі, педагогтер, кіші қызметкерлер белсенді қатысты. Сенбілік барысында мектеп ауласын тазалау, гүлзарлар мен ағаш түптерін қопсыту, әктеу және ағаш отырғызу жұмыстары одан әрі жалғасуда.



Орал қаласында жарияланған санитарлық-экологиялық айлығы аясында "Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын" акциясы өткізіліп жатыр. Атасы мен немересі бірге ағаш отырғызу шарасына белсене қатысуда.

Кәсіби бағдар мақсаты: жас ұрпақты саналы түрде мамандық таңдауға дайындау, үйрету екендігі белгілі. Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі міндеттері төмендегідей:

- Оқушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру.
- Кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту.
- Мектеп бітіруші түлектерге мамандық таңдауға жан- жақты ақыл кеңес, бағыт бағдар беру.
- Оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу

Оқу жылынан бастап мектебімізде кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша әр түрлі оқу орындарының мамандары түсінік жұмыстарын жүргізді. Кәсіби бағдар беру бойынша еліміздің түрлі қалаларынан арнайы мамандарымыз Zoom платформасы арқылы және мектебімізге келіп , оқу орнындағы әр түрлі сала бойынша ақпарат айтып өтті. Кәсіптік ақпарат өте қиын, жан-жақты жұмыс. Кәсіптік ақпараттың мазмұны, ұйымдастыру мен әдістері әр жас кезеңінде әр түрлі болады. Сондықтан да мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып жүргізуіміз керек. Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының ішінде кәсіптік ақыл-кеңес ерекше орын алады. Кәсіптік ақпарат - орта мектептегі кәсіптік бағдар берудің ең негізгі нысандарының бірі. Кәсіптік ақпарат арқылы оқушылар әр түрлі мамандықтардың маңызы мен мәні туралы түсініктер алады.

VI. Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие бойынша атқарылған жұмыстар

Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның тәрбиеге дайындығын дамыту, меңгеру, өнердегі эстетикалық нысандардың бағасы, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті ортаны құру.



8 наурыз – ер азаматтардың назарынан тыс қалмайтын мерекелердің бірі. Осы күнді ақ шашты қариядан бастап жас жеткіншектерге дейін асыға күтеді. Бұл күн – отбасы берекесі мен ұйытқысы болып табылатын біздің аналарымыз, жарымыз, әпкелеріміз бен қыздарымызға жарқын көңіл мен жақсылық тілейтін күн. Сіздер өздеріңіздің ізеттіліктеріңізбен, сыпайлықтарыңызбен өмірді шуақтандырып, жақындарыңыз бен туыстарыңызға жылу сыйлайсыздар. Әлемде нәрестеге өмір сыйлап, оны алғашқы қадам басуға үйрететін қасиеттеріңізге тең келер нәрсе жоқ. Сіздердің төзімділіктеріңіз бен махаббаттарыңызға алғысымыз шексіз! Сіздерге сәттілік пен шаттық көңіл серік болсын. Ер азаматтардың сыйластығы мен құрметіне бөлене беріңіздер. Көктемгі мерекелеріңізбен құттықтай отырып, әрдайым әдемі, жылы жүректі аналық абыройлы атақтарыңыз биіктей берсін. Зор денсаулық, мәңгі жастық пен сұлулық тілейміз!



11-наурыз күні мектебімізде "Наурыз аруы-2022" байқауы өтті.

Мақсаты: Қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру, қазақ халқының қыз тәрбиелеу салт - дәстүріне байланысты әдептілікке, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу. Байқауға 5-7 сыныптар арасынан 12 ару бақ сынап, өз өнерлерін көрсетті. Бағалау критерийлері бойынша үздік деп танылған ару қыздарымыз Бас жүлде, I,II,III орындарды иеленіп, қалған қатысқан қыздар

номинациялармен марапатталды. Ұйымдастырушылар тарапынан ару қыздарға сыйлықтар табысталды.



1 мамыр – халқымыздың бірлігі күні! Бұл күн, Қазақстан халқы үшін ең ірі мерекелердің бірі. Еліміздің барлық өңірлерінде дерлік 1 мамыр тойланады. Мақсаты: ел ішіндегі түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттау. «Бірлік болмай тірлік болмас» деген атам қазақ. Берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған.

«Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін бұл мейрамның орны бөлек. Бүгінгі мерекеге орай мектебімізде фестиваль ұйымдастырылды

VII. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бойынша атқарылған жұмыстар.

Мақсаты: әр адамның интеллектуалды мүмкіндіктерін, көшбасшылық қабілеті мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.



7 "ә" сынып оқушыларының және мұғалімдердің қатысуымен "Елімнің еркіндігі-Тәуелсіздік" атты сайыс сабағы оздырылды. Мақсаты: Оқушыларға ҚР Тәуелсіздігінің жеткен жетістіктері жайлы мәліметтер бере отырып, еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апаларымыздың ерлігін үлгі ету, дәріптеу, шыншылдыққа

тәрбиелеу.

VIII. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бойынша атқарылған жұмыстар

Мақсаты: салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтына тәрбиелеудің негізгі мақсатты салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құруға тәрбиелеу.



29-қазан күні «Тәрбие формасының бірі – диалогтық қарым-қатынас» тақырыбында ашық сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылды. Шара шеңберінде 4"А" сынып жетекшісі Чигеерева. Ж.К. сынып оқушыларымен "Дені саудың-жаны сау" атты тәрбие сағаты оздырылды.



Күзгі демалыс жоспарына сай "Мен әлемді танимын" атты тақырыппен жоғарғы сынып оқушылары кино әлемін тамашалап, ал бастауыш сынып және 5-сынып оқушылары театрда "Сенімді дос" ертегісін көріп қайтты.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ЕҢБЕК ПРАКТИКАСЫН ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ДЕМАЛЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Міндеттері:

- өз – өзіне қызмет ету дағдысын дамыту; тапсырылған іске жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;
- материалдық құндылықтарына құрмет сезімін қалыптастыру;
- аз қамтылған, көп балалалы және өмір қиыншылықтарына тап болған балаларды сауықтыру және демалдыру.

Оқушылардың жазғы демалыс мезгілінде мектеп жанындағы «Балауса» лагеріне 150 оқушы, «Атамекен» лагеріне санаттағы 4 оқушы, дарынды 5 оқушы, «Рахат» күркелі лагеріне 40 оқушы, «Қайсар» патриоттық лагеріне 5 оқушы, Нұр-Сұлтан қаласына санаттағы 1 оқушы, Түркістан қаласына 1 оқушы, Бурабайға 2 оқушы, «Балдаурен» лагеріне 1 оқушы жіберілді.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени — ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу — біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Алдағы 2022 – 2023 оқу жылына жаңа міндеттер қойылып сауатты да салауатты жас ұрпақ тәрбиелеу мақсатындағы жұмыстар, оқушылардың ұжымда бір бірімен бір үйдің баласындай тату болуын қалыптастыру, оқушы мен мұғалімнің біріккен іс-әрекетін дамыту, тәрбиелілік, елін сүйетін

жауапкершілігі жоғары патриот тәрбиелеу, тәрбие сағатының маңыздылығына мән беру, ата-аналардың мұғалімдермен, сынып жетекшімен тығыз байланыста болуы, мектеп психологы, әлеуметтік педагог, кітапханамен біріккен мазмұнды тәрбиелік іс-шаралардың деңгейін одан әрі жалғастыру көзделеді.

II. Үйірмелер мен секция жұмыстары

Үйірме, секциялар туралы

Үйірмелер саны	Ондағы оқушылар саны	Спорттық секциялар саны	Ондағы оқушылар саны
----------------	----------------------	-------------------------	----------------------

III. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша сынып жетекшілерімен кураторлармен әдістемелік жұмыс

2021-2022 оқу жылына арналған сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігі отырысының жоспары

Әдістемелік тақырыбы:

«Педагогтардың үздіксіз кәсіби өсуіне жетекшілік ету арқылы оқыту мен оқу үдерісін дамыту»

Тәрбие жұмысы бойынша әдістемелік тақырыбы:

«Тәрбие үрдесінде инновациялық технологияларды ұштастыру арқылы оқушылардың құзыреттілігін арттыру»

Әдістемелік мақсаты:

Тәрбие үрдесіне жаңашыл бағытты енгізу арқылы, оқушы бойына патриотизмді, азаматтық сананы, жоғары мәдениеттілікті қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша сынып жетекшілермен әдістемелік жұмыс

Мақсаты: Сынып жетекшілерінің шығармашылығын көтеру арқылы мектептің тәрбие жұмысының әдіс-тәсілдерін жетілдіру.

Міндеттері:

1. Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда әдіс-тәсілдерді жетілдіруде сынып жетекшілеріне көмек көрсету.
2. Сыныптағы тәрбие жүйесін құру үшін сынып жетекшілерінің теориялық және практикалық базасын қалыптастыру.
3. Сынып жетекшілерінің жұмысынан тәжірибе жинақтау.
4. Тәрбие жүйесін дамыту.
5. Мұғалімнің шығармашылық қабілетін дамыту.

Алға қойған мақсат-міндеттер бойынша жыл ағымында жұмыстар толықтай жүргізілді.

Мектептегі сыныптар туралы мәлімет

Психолог саны	Әлеуметтік педагог саны	Сыныптар саны	Сыныпқа жетекшілік ететін кураторлар мен сынып жетекшілер саны
2	1	51	45

**Мектеп оқушыларының әлеуметтік портреті
2021-2022 жыл бойынша**

Мектеп	Оқушылар саны	Көп балалы, аз қамтылған отбасылар ынан	Жалғыз ана тәрбиесін дегілер саны	Жалғыз әке тәрбиесін дегілер саны	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар	Даму мүмкіндігі шектеулі оқушылар саны
№26 ЖОББМ	1039	30	152	13	13	

Әлеуметтік жағынан аз қамтылған оқушылар жөнінде мәлімет

№	Әлеуметтік жағынан аз қамтылған оқушылар саны	Ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылар саны	Толық емес отбасы (жалғыз басты ана тәрбиесінде)
1	30	30	152

Қолайсыз отбасылар туралы (жыл бойынша)

Ішкі істер органдарына тіркелген қолайсыз отбасылар саны	Ондағы балалар саны	Мектепшілік бақылауға алынған қолайсыз отбасылары	Ондағы балалар саны
1	2	0	0

Бақылаудағы оқушылар туралы 2021– 2022 оқу жылы

Мектепшілік бақылаудағы оқушылар саны	Оның ішінде, ішкі істер органдарында есепте тұрғандар саны	Үйірме, секциялармен қамтылғандар саны	Мектепшілік шаралармен қамтылған саны	Мектепті оқыған кезден бастап ішкі істер органдарында есепте тұрған балалар саны
0	0	0	0	0

2021 – 2022 оқу жылындағы оқушылардың жетістіктері

№	Оқушының аты – жөні	Байқау, конкурс, жарыс	Деңгейі	Нәтижесі	Жетекшісі
1	Бекбулат Әсемгүл	«Көктем аруы» наурыз мерекесіне арналған қалалық байқау	Қалалық	1 орын	С.С.Дәулетова
2	Бекбулат Әсемгүл	ҚР тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Әнім сенсің, жырым сенсің, Қазақстан!» мәнерлеп оқу сайысы	Қалалық	II орын	Кабдешева Ж.З.
3	Жәдігер Айым	«Тау тұлғалы талантқа тағзым» республикалық өнерпаздар байқауы. Көркем сөз	Республ икалық	I дәрежелі диплом	Кудайбергенова Ж.С.
4	Жәдігер Айым	«Тау тұлғалы талантқа тағзым» республикалық өнерпаздар байқауы. Эстрадалық вокал	Республ икалық	III орын	Мусагалиева Э.Е.
5	Сисенова Сабина	«Ел тұғыры Тәуелсіздік» атты С.Ғұмаров ат.балалар көркем сурет мектебі.	Қалалық	Алғыс хат	Елеугалиева О.Ж.

6	Төлеу Нұрали	«Батырлар жыры – рухани байлығымыз» атты облыстық мәнерлер оқу байқауы	Облыст ық	Номина циялық диплом	Кабдешева Ж.З.
7	Сериковтар отбасы	«Мерейлі отбасы» қалалық байқауы	3 «А»	Номина циялық диплом	Кудайбергенова Ж.С.
8	Серикова Диляра	«Қазыбек бидің шешендік сөздері» қауымдастық арасында	Қалалық	Алғыс хат	Кудайбергенова Ж.С.
9	Хайдар Әбілхан	«Қазыбек бидің шешендік сөздері» қауымдастық арасында	Қалалық	ІІІ орын	Елеугалиева О.Ж.
10	Матжан Инабат	«Ер есімі-ел есінде» мәнерлеп оқу қалалық сайыс	Қалалық	Алғыс хат	Бижанова З.Н.
11	Қарабай Аяна	«Тұғыры биік Тәуелсіздік» 1-3 сыныптар арасындағы қалалық қашықтық сурет байқауы	Қалалық	ІІ орын	Бижанова З.Н.
12	Буланцева Анжелика	Қалалық «Жасұлан» след	Қалалық	ІІІ орын	Ширявскова А.А.
13	Топ	Қалалық «ЮИД» байқауы	Қалалық	Алғыс хат	Ширявскова А.А.

Қорытынды

Мектеп қызметі қазіргі заман талабына сай толық өзін-өзі дамытатын маман қалыптастыру үшін сол маманға бағдарланған болуы тиіс. Демек, оқушыны өзін-өзі дамытатын мәдениет адамы ретінде қарастыратын балаға деген құндылық қатынас орнату керек. Оқушы өзін басқалардың арасынан шығарып, бөлек қарамайынша, өз өмірінің мағынасын, өзін-өзі жете түсінбейінше, толыққанды білім алып, дамуы мүмкін емес. Өсіп келе жатқан ұрпаққа бұл мәселеде көмектесу, оған қолайлы жағдай туғызып, қолдау көрсету педагог пен ата-ананың басты міндеті болуы тиіс. Балаға қолдау көрсету, біріншіден, оның рухани адамгершілігін, өзін-өзі дамытуын, оның денсаулығы мен, оқуымен, жеке бас ерекшелігімен байланысты мәселелерді шешуді қамтамасыз ету, екіншіден, балалардың дамуы және өзін өзі дамытуы үшін қолайлы жағдай туғызу , қауіпсіз орта құруды білдіреді. Аталған

бағытта 2019 -2020 оқу жылында бірнеше шаралардың жоспары жасақталып, іске асырылды.

Оқу тәрбие жұмыстары бойынша жаңа оқу жылына қойылатын міндеттер:

- Тәрбие жұмысын және жұмыс жоспарын жаңашыл форматта жан – жақты жетілдіру;
- Сынып жетекшілер мен үйірме жетекшілеріне қатаң талап қою және мониторинг жасақтау;
- Құқық бұзушылық профилактикасы бойынша оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізу соның ішінде жасөспірімдер арасында суицидтің, құқықбұзушылықтың, діни экстремизмнің алдын алу жұмыстарын жетілдіру;
- Бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысты нығайтып, бірізділікке қою;
- Оқушыларды әлеуметтік тұрғыда толық зерттеу жұмысына көп көңіл бөлу;
- Мектептегі тұлға аралық (оқушы – педагог – ата- ана) қарым қатынасты жандандыру және психологиялық ахуалды жақсарту, ата – аналармен жұмысты жандандыру;
- Балалардың қызығушылықтарын және қабілеттерін зерттеу, қоғамға пайдалы қызметке, секцияларға, үйірмелерге тарту;
- Мектептің отбасымен, қоғамдастықпен серіктестігі мен ынтымақтастығының жаңа формалары мен әдістерін жетілдіру.